



БҰЙРЫҚ

2022

12.09

Көкшетау қаласы

ПРИКАЗ

№

272

город Кокшетау

**Орта білім беру ұйымдарында
психологиялық қызметті құру
туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 46-25) тармақшасына сәйкес және «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ақмола облысының орта білім беру ұйымдарында келесі құрамда психологиялық қызмет құрылсын: орта білім беру ұйымы басшысының (директорының) орынбасары, педагог - психолог (штат кестесіне сәйкес), әлеуметтік педагог.

2. «Педагог қызметкер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына сәйкес психологиялық қызмет мамандарының лауазымдық міндеттері айқындалсын.

3. Сынып жетекшілері, тәрбиешілер, кураторлар, пән мұғалімдері, медицина қызметкерлері білім алушылар мен тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық қолдау процесіне қатысады және лауазымдық міндеттеріне сәйкес ата-аналар мен және өзге де заңды өкілдермен өзара қарым-қатынас жасайды.

4. Психологиялық қызметтің жұмысын орта білім беру ұйымының басшысы қамтамасыз етеді.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

Басшы



Б. Жүсіпов

026545